

**Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің  
директор жанындағы кеңестің отырысы  
ХАТТАМА**

**Хаттаманың тіркеу нөмірі: № 9**

**Күні : 29 мамыр 2026 ж**

**Қатысқандар – 23 мұғалім ( шағын орталық тәрбиешісі,кітапханашы)**

**Қатыспағандар- жоқ**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау.
2. Әр оқу тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасын талдау.
3. «Жол картасы» бойынша жұмыстың қорытындысы.

**Бірінші сұрақ бойынша Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау туралы оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:** Бүгінгі қарастырылып отырған мәселе – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау қорытындылары. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізілді. Бағалау барысында қалыптастырушы бағалау нәтижелері, бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ), тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) және оқу жылының қорытынды бағалары ескерілді. Оқу жылы бойы пән мұғалімдері білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін жүйелі түрде бақылап, біліміндегі олқылықтарды анықтау және оларды түзету бойынша тиісті жұмыстар жүргізді. Бағалау нәтижелері білім алушылардың басым бөлігінің оқу мақсаттарын жеткілікті деңгейде меңгергенін көрсетті. Жылдық қорытынды бойынша оқушылардың үлгерім көрсеткіші мен білім сапасы талданып, әр сынып пен пән бойынша нәтижелер сараланды. Мониторинг қорытындылары білім сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстың жүргізіліп жатқанын көрсетті. Сонымен қатар, жекелеген білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсарту мақсатында қосымша сабақтар, жеке консультациялар және түзету жұмыстары ұйымдастырылды. Педагогтер білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, зерттеу дағдыларын, сыни ойлауын және оқу мотивациясын дамытуға бағытталған оқыту әдістерін қолданды. Бұл өз кезегінде оқушылардың оқу жетістіктерінің жақсаруына оң әсерін тигізді. Алдағы уақытта білім сапасын одан әрі арттыру мақсатында: оқытудағы саралау жұмыстарын жетілдіру; білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жұмыстарды жалғастыру; дарынды және жоғары оқу жетістіктерін көрсететін оқушыларды қолдау; үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстарды күшейту; ата-аналармен өзара байланысты нығайту жоспарлануда. Қорытындылай келе, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау нәтижелері оқу бағдарламасының талаптарының орындалғанын және білім алушылардың басым бөлігінің оқу материалын тиісті деңгейде меңгергенін көрсетті.

**Екінші сұрақ бойынша әр оқу тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасын талдау оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:** Әр оқу тоқсанының қорытындысы бойынша білім сапасын талдау туралы ақпарат. Оқу жылы барысында әр тоқсанның қорытындысы бойынша білім алушылардың үлгерімі мен білім сапасына талдау жүргізіліп отырды. Талдаудың мақсаты – оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау, білім сапасының динамикасын бақылау және оны арттыруға бағытталған шараларды белгілеу. I тоқсан қорытындысы бойынша білім

алушылардың жана оқу жылына бейімделуі, оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі қарастырылды. Пәндер бойынша білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштері сараланып, білімінде олқылықтары бар оқушылар анықталды. Олармен жеке жұмыс жоспары құрылды. II тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасының көрсеткіштері салыстырмалы түрде талданып, оқушылардың оқу мотивациясын арттыру және білім деңгейін көтеру бағытында қосымша жұмыстар ұйымдастырылды. Пән мұғалімдері тарапынан түзету және қолдау шаралары жүргізілді. III тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасының өсу немесе төмендеу динамикасы анықталды. Жиынтық бағалау нәтижелері талданып, пәндер бойынша білім сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік ұсыныстар берілді. Үлгерімі төмен оқушылармен және олардың ата-аналарымен қосымша жұмыстар жүргізілді. IV тоқсан және оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылардың жылдық оқу жетістіктері қорытындыланды. Үлгерім мен білім сапасының жалпы көрсеткіштері анықталып, сыныптар мен пәндер бойынша салыстырмалы талдау жасалды. Жыл бойы жүргізілген жұмыстардың тиімділігі бағаланып, келесі оқу жылына арналған міндеттер белгіленді. Жалпы, оқу жылы бойы білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізіліп, білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсарту бойынша тиісті іс-шаралар жүзеге асырылды. Алдағы оқу жылында білім сапасын одан әрі көтеру, білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру және оқушылардың оқу мотивациясын арттыру жұмыстары жалғастырылады.

**Үшінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:** «Жол картасы» бойынша жұмыстың қорытындысы бойынша есеп. 2025–2026 оқу жылы барысында мектептің даму жоспары мен бекітілген «Жол картасына» сәйкес бірқатар жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылды. Жол картасында көзделген негізгі бағыттар бойынша оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. Оқу жылы ішінде білім сапасын арттыру мақсатында пән мұғалімдері білім алушылардың оқу жетістіктеріне тұрақты мониторинг жүргізіп, білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша қосымша сабақтар ұйымдастырды. Дарынды оқушыларды қолдау бағытында олимпиадаларға, ғылыми жобалар конкурстарына және түрлі зияткерлік байқауларға қатысу қамтамасыз етілді. Педагогтердің кәсіби дамуын қолдау мақсатында әдістемелік семинарлар, коучингтер, шеберлік сыныптары және тәжірибе алмасу алаңдары өткізілді. Мұғалімдер өз тәжірибелерін таратып, кәсіби біліктіліктерін арттыру курстарына қатысты. Тәрбие жұмысы бағыты бойынша ұлттық құндылықтарды насихаттау, құқықтық тәрбие, патриоттық тәрбие, экологиялық мәдениет және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді. Ата-аналармен байланыс жүйелі түрде ұйымдастырылып, түрлі форматтағы кездесулер мен кенестер өткізілді. Жол картасында белгіленген іс-шаралардың басым бөлігі толық көлемде орындалды. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде білім сапасының көрсеткіштері тұрақталып, білім алушылардың оқу белсенділігі мен қоғамдық іс-шараларға қатысу деңгейі артты. Қорытындылай келе, «Жол картасы» аясында жоспарланған жұмыстардың орындалуы мектептің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етті. Алдағы оқу жылында қол жеткізілген нәтижелерді сақтай отырып, білім беру сапасын одан әрі арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылады. (қосымша есеп тапсырылды)

## ШЕШІМ:

1. 2026-2027 оқу жылында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау қорытындылары назарға алынсын. Оқу жылы бойынша білім алушылардың үлгерімі мен білім сапасының көрсеткіштері қанағаттанарлық деп танылсын. Пән мұғалімдеріне білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру, білім сапасын көтеру бойынша қосымша шаралар ұйымдастыру тапсырылсын. Сынып жетекшілеріне білім алушылар мен ата-аналарды оқу жетістіктерінің қорытындыларымен таныстыру қамтамасыз етілсін. Әкімшілік тарапынан білім сапасына мониторинг жүргізу және оқу нәтижелерін жақсарту бойынша әдістемелік қолдау көрсету жалғастырылсын. Осы шешімнің орындалуын бақылау оқу ісінің орынбасары С.Абдрахмановаға жүктелсін.

2. Әр оқу тоқсанының қорытындысы бойынша жүргізілген білім сапасын талдау қорытындылары назарға алынсын. Пән мұғалімдеріне білім сапасын арттыру, білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсарту және білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жұмысты жалғастыру тапсырылсын. Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жоспары әзірленіп, жүйелі түрде қосымша сабақтар мен консультациялар ұйымдастырылсын. Дарынды және жоғары нәтижелі білім алушыларды қолдау, олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және түрлі зияткерлік байқауларға қатыстыру жұмыстары күшейтілсін. Сынып жетекшілеріне ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту, оқушылардың оқу жетістіктері туралы уақытылы ақпарат беру тапсырылсын. Әдістемелік бірлестік жетекшілері пәндер бойынша білім сапасының көрсеткіштерін тұрақты бақылауда ұстап, талдау нәтижелері бойынша әдістемелік көмек көрсетсін. Келесі оқу жылында білім сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспары бекітіліп, оның орындалуы қамтамасыз етілсін. Осы шешімнің орындалуын бақылау мектеп әкімшілігіне жүктелсін.

3. Жол картасында жоспарланған іс-шаралардың орындалу нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  
Хатшы

А.Аксеитова

А.Нуртазина

